

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы № 1265 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 мамырдағы № 517 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы № 1265 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 46, 520-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелердің тізбесінде:

«Топтық жүйелер» деген 1-бөлімде:

«Оңтүстік Қазақстан облысы» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 34-1-жолмен толықтырылсын:

«34-1 «Қажымұқан-Қараспан» топтық су құбыры»;

«Оқшау жүйелер» деген 2-бөлімде:

«Қызылорда облысы» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 198-1, 198-2, 198-3, 198-4 жолдармен толықтырылсын:

«198-1 «Төретам» оқшау су құбыры;

198-2 «Ақай» оқшау су құбыры;

198-3 «Тереңөзек» оқшау су құбыры;

198-4 «Жалағаш» оқшау су құбыры».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

